

ССЗИ Басқарма Төрағасы Болат Нұрғалиевтың Махатма Гандидің туғанына 154 жыл толуына арналған іс-шарада сөйлеген сөзі

Mochindas Карамчанд Ганди жиырманшы ғасырдың ең танымал тұлғасы, бүкіл әлем құрметтейтін қайраткерлердің бірі. Хиндустан тәуелсіздігін алуға қосқан үлесі бағасыз. Ганди бастаған Сатьяграха қозғалысы жалаңаш күшті жұмсамай, жұмсақ күшпен, яғни колониялық білікпен төбелеспей, алайда жаппай бағынбай және ынтымақтастықтан бет аударып, алдына қойған қастерлі мақсатқа жету мүмкіндігін көрсеткен. Ганди үйреткен әр дағдарысты бейбітшілік жолмен реттеу, махаббат, бірлік, татулық, ынтымақтастық қағидаттары Біріккен Ұлттар Ұйымының басты философиясына айналды.

1931 жылы Махатма Ганди Лондонда сөйлеген сөздері бүгін де өзекті. Әрине, Хиндустанды жеңуге Ұлыбританияның әскери күші жетеді. Бірақ Ұлыбританияға сондай жеңіс керек пе? Менің сенімім болашақта Хиндустан мен басқа елдер мен жұрттармен, ұлтына, дініне, мемлекеттігі күшті ме, әлде осал ма қарамай, араларындағы қарым қатынаста теңдік, өзара сенім, татуластық, бейбітшілік серік болсын, әйтпесе еркіндік, тәуелсіздік үшін күресу еш мағынасыз. Бір бірімізге құл мен патша емес, дос пен әріптес болсақ – тек қана сондай болашақты тілеймін. Әр отандастарына қалдырған өсиеті – өзінді табам десең – басқаларға қызмет етіп, өзінді тоздыр! Нағыз ойшылдардың асыл сөздері. Ұлы елдің ұлы тұлғасы. Рахмет!